

"Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 ~V980641 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 2000 жылғы 30 қыркүйек N 81. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 13 қазан N 1264 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 264 қаулысымен (V032484).

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы заңының 6-бабы 2-тармағының 4) және 9) тармақшаларын орындау мақсатында, өздерінің зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметін өздері дербес түрде жүзеге асыру кезінде зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның қызметтеріне қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеу, зейнетақы активтерін мемлекеттік емес бағалы қағаздарға орналастыру кезінде зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту және зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге (екінші деңгейдегі банктердің банктік сертификаттарына) орналастыру кезінде тәуекелдерді төмендету мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - "Ұлттық комиссия" деп аталады) қаулы етеді:

1. "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" Ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысына мынадай өзгертулер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) жоғарыда аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 12 қарашада 641 нөмірмен тіркелген Мемлекеттік зейнетақы жинақтау қорының инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларында (Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағы, 1998 жыл, II том, 244-бет; "Рынок и право". "Рынок ценных бумаг Казахстана" журналына қосымша, 1999 ж., N 7(8) 9 , 1 1 , 1 3 - б е т т е р) :

1-тармақ "айқындаған ұйым не" деген сөздерден кейін "Қордың зейнетақы

активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу және Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 12 қарашада 643 нөмірмен тіркелген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың басшы қызметкерлері лауазымына кандидатураларды келісу қағидаларымен бекітілгенге ұқсас тәртіпте Қордың басшы қызметкерлерін Ұлттық комиссиямен келісу шартымен" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қордың зейнетақы және өз активтері орналастырылатын екінші деңгейдегі банктегі депозит (екінші деңгейдегі банктің депозиттік сертификатты) бойынша алынған сыйақының (мүдденің) жылдық ставкасы депозит мерзіміне (депозиттік сертификатқа инвестициялау мерзіміне) ұқсас инвестициялау кезеңіндегі ұлттық немесе шетелдік валютаға (депозиттің (депозиттік сертификаттың) ставкасының валютасына қатысты) номинацияланған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша жуықтатылған кірістілік ставкасынан төмен болмауы тиіс. Аталған жуықтату кірістілігін Ұлттық комиссия:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық валютада номинацияланған мемлекеттік бағалы қағаздарына қатысты - зейнетақы және өз активтерін депозитке (депозиттік сертификатқа) орналастыру алдындағы күннен бір апта б ұ р ы н к е з е ң д е ;

2) Қазақстан Республикасының шетелдік валютада номинацияланған мемлекеттік бағалы қағаздарына қатысты зейнетақы және өз активтерін депозитке (депозиттік сертификатқа) орналастыру алдындағы күннен бір ай бұрын кезеңде Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен " Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-да өткізілген сауда-саттықтың нәтижесі бойынша қалыптасқан бағалардың негізінде логарифмдік жуықтату әдісімен айқындайды.

мынадай мазмұндағы 6-1 тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Қазақстан Республикасының ұлттық және шетелдік валютадағы мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген жуықтатылған кірістілікті Ұлттық комиссия апта сайын аптаның бірінші жұмыс күні алматы уақытымен 18.00. және 21.00 аралығында " кірістіліктің қисық сызығы" түрінде Интернет желісінде "Активтерді бағалау" бөліміндегі ("Кірістік қисығы" бөлімшесі) www.nsc.kz мекен-жайы бойынша жариялайды және жаңартады.";

мынадай мазмұндағы 6-2 тармақпен толықтырылсын:

"6-2. Қордың зейнетақы және өз активтерін екінші деңгейдегі банктегі депозитке (екінші деңгейдегі банктің депозиттік сертификатқа) орналастыру мерзімі бір жылдан аспауы керек. Осы мерзім аяқталғанға дейін депозиттің сомасы және ол бойынша сыйақының (мүдденің) сомасы Қордың инвестициялық

шотына есепке алыну керек, ал депозиттік сертификатты Қор (Қордың басқарушысы) өтеуге ұсынуы (осы екінші деңгейдегі банктің депозиттік сертификаттарын шығарудың, айналысының және өтеудің шарттарына сәйкес)" немесе есептелген сомаларды Қордың инвестициялық шотына есепке алумен с а т у ы т и і с . " ;

2) жоғарыда аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 12 қарашада 642 нөмірмен тіркелген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларында (Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағы, 1998 жыл, II том, 241-бет; "Рынок и право". "Рынок ценных бумаг Казахстана" журналына қосымша, 1999 ж., N 2(3), 17-бет; 7(8), 9, 10, 12-беттер; 8(10), 16-бет; 2000 ж., 1(2), 9-бет):

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "50%" рәміздері "40%" рәміздерімен ауыстырылсын;

3-1) тармақшадағы "5%-тен көп емес" сөздері "10%-дан көп емес" сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) т а р м а қ ш а д а :

"бағалы қағаздары" деген сөздер алып тасталсын;

"30%" рәміздері "40%" рәміздерімен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Компанияның өз активтері және оның инвестициялық басқаруындағы Қорлардың зейнетақы активтері орналастырылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі немесе екінші деңгейдегі банктегі депозит (екінші деңгейдегі банктің депозиттік сертификатты) бойынша алынған сыйақының (мүдденің) жылдық ставкасы депозит мерзіміне (депозиттік сертификатқа инвестициялау мерзіміне) ұқсас инвестициялау кезеңіндегі ұлттық немесе шетелдік валютаға (депозиттің (депозиттік сертификаттың) ставкасының валютасына қатысты) номинацияланған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша жуықтатылған кірістілік ставкасынан төмен болмауы тиіс. Аталған жуықтату кірістілігін Ұлттық комиссия:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық валютада номинацияланған мемлекеттік бағалы қағаздарына қатысты - зейнетақы және өз активтерін депозитке (депозиттік сертификатқа) орналастыру алдындағы күннен бір апта б ұ р ы н к е з е ң д е ;

2) Қазақстан Республикасының шетелдік валютада номинацияланған мемлекеттік бағалы қағаздарына қатысты зейнетақы және өз активтерін депозитке (депозиттік сертификатқа) орналастыру алдындағы күннен бір ай бұрын кезеңде Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен " Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-да өткізілген сауда-саттықтың нәтижесі бойынша

қалыптасқан бағалардың негізінде логарифмдік жуықтату әдісімен айқындайды.
мынадай мазмұндағы 6-1 тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Қазақстан Республикасының ұлттық және шетелдік валютадағы мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген кірістілік жуықтатуды Ұлттық комиссия апта сайын аптаның бірінші жұмыс күні алматы уақытымен 18.00. және 21.00 аралығында "кірістіліктің қисық сызығы" түрінде Интернет желісінде "Активтерді бағалау" бөліміндегі ("Кірістілік қисығы" бөлімшесі) www.nsc.kz мекен-жайы бойынша жариялайды ж ә н е ж а ң а р т а д ы . " ;

мынадай мазмұндағы 6-2 тармақпен толықтырылсын:

"6-2. Компанияның өз активтерін және оның инвестициялық басқаруындағы Қорлардың зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі немесе екінші деңгейдегі банктегі депозитке (екінші деңгейдегі банктің депозиттік сертификатқа) орналастыру мерзімі үш айдан аспауы керек. Осы мерзім аяқталғанға дейін депозиттің сомасы және ол бойынша сыйақының (мүдденің) сомасы Қордың инвестициялық шотына есепке алыну керек, ал депозиттік сертификатты Компания өтеуге ұсынуы (осы екінші деңгейдегі банктің депозиттік сертификаттарын шығарудың, айналысының және өтеудің шарттарына сәйкес) немесе есептелген сомаларды Қордың инвестициялық шотына есепке алумен сатуы тиіс.";

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның қызметкерлері осы Қаулы күшіне енгізілген күннен бастап алпыс күн ішінде Ұлттық комиссиямен келісуден өтуге міндеттелсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Активтерді Басқарушылар қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің (оған осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) назарына жеткізсін.

5. Ұлттық комиссия орталық аппараты Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның, және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы
Ұлттық комиссияның мүшелері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК